



№98 (9881)
10 желтоқсан,
сенбі
2022 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш

Жаршысы



Ел жаңалықтары

1,5 млн гектар жер мемлекетке қайтарылған

Бас Прокурор Берік Асылтовтың төрағалығымен жер саласындағы заңдылықты сақтау, сондай-ақ медициналық бұйымдарды сатып алу мәселелері жөнінде алқа отырысы өтті. Алқа жұмысына Парламент Мәжілісінің депутаттары, ауыл шаруашылығы, экология, геология және табиғи ресурстар министрліктерінің басшылары мен басқа да мүдделі тұлғалар қатысты.



Алғашқы мәселе бойынша Бас Прокурор биыл прокурорлармен мемлекетке қолданылмаған 1,5 млн гектар жер қайтарылғанын атап өтті. Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, қоғамдық жайылымдардың тапшылығы 29 млн гектардан 8 млн гектарға дейін қысқартылған. Ал Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Алматы облыстарында 11 мың үлескерге 500 мың гектардан астам жер қайтарылған.

Тексерістер олигополиарлардың қолдануындағы ең жақсы және қунарлы ауыл шаруашылық жерлерін, жайылымдар мен коммерциялық учаскелерді анықтады. Бүгінгі таңда олардан мемлекет пайдасына 145 мың гектар жер тәркіленген.

Тексеріс қорытындысы бойынша 56 қылмыстық іс қозғалған, 9 кінәлі адам сотталды. Тексеру нәтижелері бойынша Шымкент, Ақмола, Атырау, Алматы және Түркістан облыстары әкімдіктерінің Жер қатынастары және ауыл шаруашылығы бойынша басқармаларының лауазымды тұлғаларына, сондай-ақ Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау және Қызылорда облыстарының жеке жер пайдаланушыларына қатысты 56 қылмыстық іс қозғалды.

Бүгінде қылмыс жасаған 9 адам сотталған. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында 800 үлескердің жер телімдерін асыра пайдаланып, алаяқтық жасаған кесіпорын басшысы 6 жылға бас бандығынан айырылды.

Берік Асылтов уәкілетті органдардың жайылым жерлерін оң басқарудың, ірі жер телімдердің бір қолға шоғырлануына жол бермеу және үлестік жерлерге бақылауды күшейтудің, оның ішінде кез келген заңсыз схемаларды болдырмау жұмысының маңыздылығына назар аударды. Ауыл шаруашылығы министрлігіне нақты іс-шаралар жоспарын дайындау арқылы заң бұзушылықтарды жою туралы талаптар қойылды.

Екінші мәселе бойынша «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығының» қызметі тексерісін нәтижелері талқыланды. Прокурорлық тексеріс кезінде бюджет қаражатын жымқыру және жоғары бағамен сапасыз медициналық техниканы сатып алу фактілері анықталған. Мәселен, Ақтөбе облысындағы медициналық орталық жылжымалы шұғыл медициналық көмек көшені (жедел жәрдем) кенедік құнынан 4 есе артық бағамен сатып алынған. Нарықтық бағасы 16,6 млн теңге болса, орталыққа 72,9 млн теңге жұмсалған. Осындай сызбалар Алматы қаласында, Ақмола, Атырау, Қарағанды, Қостанай, ШҚО, БҚО, Жамбыл және Павлодар облыстарында орын алған.

Тексеріс нәтижелері бойынша прокуратура заң бұзушылықтарын жою туралы 208 ұсыну енгізді, 405 адам тәртіптік және әкімшілік жауаптылыққа тартылған, 15 сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды.

Қадағалау ведомствосының басшысы медициналық бұйымдарға бағаны қалыптастырудың ашықтығын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық факторларын болдырмау қажеттігін атап өтті. Кәсіпкерлердің өтімдерін қабылдау процесін автоматтандыру, медициналық бұйымдарды сараптау тетігін қайта қарау, медициналық жабадықтарды қадағалау жүйесін енгізу ұсынылды.

Алқа жұмысының қорытындысы бойынша Бас Прокурор облыс прокурорларына мемлекетке келтірілген залалды өтеуге қол жеткізуді және жымқыру мен билікті асыра пайдалану жасаған адамдар үшін қылмыстық жазаның бұлтартпастығы қағидатын қамтамасыз етуді тапсырды.

“ЖЖ” ақпарат

Жалағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс 28-сессиясын шақыру туралы

Жетінші шақырылған Жалағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс 28-сессиясы 2022 жылы 12 желтоқсанда сағат 10.00-де аудандық мәслихаттың мәжіліс залында ашылады.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселе ұсынылады: 1. «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №12-1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2022 жылы 12 желтоқсанда сағат 09.30-да аудандық мәслихат хатшысының кеңсесінде тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы өткізіледі. Сессия отырысы Аitube.kz платформасында тікелей эфирде көрсетіледі.

Мәслихат хатшысы Г.Құрманбаева

Форум



Жалағаштық жастарға «Жалын» сыйлығы табысталды

Желтосан айында жастардың жыл бойы атқарған жұмыстары қорытындыланатын форум бар. Биыл да дәстүрлі шара жалғасын тапты. Жалағаш ауданында түрлі салада табысты қызмет атқарып жүрген жастар күні кеше Мәдениет және өнерді дамыту орталығында өткен форумда бас қосты.

Шараға білім, ғылым, медицина, ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік, өнер мен спорт, басқа да салаларда аудан абыройын асырып жүрген жастар жиналды. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов шараға арнайы қатысып, алдымен қолөнер шеберлерінің көрмесімен танысып, өз кәсібін бастаған, инновациялық идеяларды іске асыруға ниетті шағын грант иелерінің, жас кәсіпкерлердің жобаларын көріп, жұмысына сәттілік тіледі.

Форумда аудан әкімі Асқарбек Темірбекулы туған жерін дамытуға жанашыр, озық идеяларды іске асыруға ниетті әрбір жасқа қолдау болатынын тілге тиек етті. Алайда аудан жастарынан бүгінге дейін мұндай бастама айтылмаған.

– Қай кезде де біз аудан жастарынан креативті дүниелерді күтеміз.

Жастар – ар мен намыстың, ер рухтың символы. Жастарға сенім артатын бірден-бір халық – қазақ. Ауданда жастарды қолдау бағытында бірқатар жобалар жүзеге асырылып келеді. Біз жастардың әлеуметтік жобаларын әрдайым қолдауға дайынбыз. Жастардан тың бастама, жаңа идеялар күтеміз. Мұндай шаралар, оның үстіне жалындаған жастардың шарасы дәстүрлі форматта өтпеуі тиіс, керісінше түрлендіру керек. Біз қашанда жастарды қолдауға әзірміз. Келер жылы аудандағы жастар ресурстық орталығының, аудан жастарының бірқатар мәселесін шешуге жобалар қаралды. Бүгінгі форумда марапат төрінен көрінген барша жас буынды құттықтаймын. Біз сіздерге сенім арттамыз, сіздер сол сенім үдесінен әрдайым шыға беріңіздер, – деді аудан басшысы Асқарбек Темірбекулы.

Шарада жастар саясатының дамуына үлес қосып, еңбегімен көзге түскен бірқатар жас аудан әкімінің “Жалын” жастар сыйлығымен марапатталды. Сондай-ақ олар 100 000 теңге қаржылай сыйлыққа ие болды. Оған өз саласының үздігі атанып жүрген 10 жас ие болды. Сондай-ақ түрлі салада белсенділік танытып жүрген бірқатар жастар да аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, ауданда халықтың 23 пайызын жастар құрайды. Волонтерлік қызмет көрсету бойынша «Jalyndu jas» еріктілер мектебінің жұмысы жыл санап өз маңыздылығын көрсетіп келеді. Оған дәлел бүгінгі күнге дейін еріктілер Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының бастамашыл топтарды және еріктілерді қолдауға арналған

шағын гранттарын жеңіп алу арқылы аудан жастары 3 Coworking орталығы, 3 спорттық үйірме, 2 көшеге қоқыс жәшіктері, ерекше балаларды қолдау бағытында 2 мекемеге материалдық демеушілік, ауылды көркейту үшін 2 ауылға жаңа жоба және 1 отбасыға баспана табыстады. 2022 жылдың 8 айында еріктілер 6 млн 135 мың теңге қаржыны құрайтын 16 жоба жеңіп алды.

Шығармашыл жастардың қатарын арттыру бағытында биыл 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебі пайдалануға берілсе, жақын арада Жалағаш кентінде дене шынықтыру сауықтыру көшені пайдалануға берілмек. Бір сөзбен айтқанда, ауданда жастарға ұдайы жан-жақты қолдау көрсетіліп келеді.

Форум соңы аудан өнерпаздары әзірлеген концерттік бағдарламаға ұласып, жастар патриоттық ән шырықпап, қатысушылардың құрметіне ие болды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Кеңес

Мәселелер шешімін тапты



Бейсенбіде аудандық қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті. Жиынды аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Оразбек Ахметов ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Кеңес отырысының кезекті жиынына аудан әкімінің орынбасары Алтынбек Дәрібаев және тиісті бөлім, мекеме басшылары қатысты.

Күн тәртібінде төрт мәселе қаралды. Атап айтсақ, «Жалағаш ауданының ауылдық округтеріндегі инженерлік тұрғыда әзірленген суармалы жерде дақылдарды кезектестіру (ротациялау) схемасын бекіту туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 18 маусымдағы №120 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» қаулы жобасын талқылау, «Жалағаш ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы» шешім жобасын талқылау, Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 ақпандағы №37-9 «Жалағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, өкетеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы» шешімінің күші жойылды деп тану туралы» шешім жобасын талқылау ұсынылды. Сондай-ақ 2022 жылы аудандық қоғамдық кеңестің отырыстарында Жалағаш кентінде атқарылып жатқан жұмыстарға байланысты кеңес мүшелері тарапынан қойылған сұрақтар мен ұсыныс-пікірлер негізінде атқарылған жұмыстар тыңдалды.

Бірінші мәселе бойынша аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Марат Қалиязов, одан кейінгі мәселелер бойынша аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп

және туризм бөлімінің басшысы Фабит Еربول аудандық мәслихат аппаратының ұйымдастыру-құқықтық бөлімінің басшысы Эльмира Құттымбетова және кент әкімі Мардан Жамалатов хабарлама жасады. Аудан әкімінің қаулы жобасы кеңес мүшелері тарапынан бірауыздан мақұлданды.

Мәселен, Марат Мәнерұлының хабарламасында айтылғандай, аудандағы 60 ауылспалы егістікке 33016 гектар инженерлік тұрғыда әзірленген суармалы жер бар екен. Ауылдық округтердегі осы егістік алқаптарға дақылдарды кезектестіріп егу схемасы аудан әкімдігінің №120 қаулысымен 2018 жылғы 18 маусымда бекітіліп, 2018-2025 жылдарға жасалған. Осы схема бойынша ауылспалы егістіктегі таналардың санына қарай суармалы жерде дақылдарды кезектестіріп егу қолға алынады. Атап айтқанда, 5 танаптық ауылспалы егіс жүйесінде кезектестіру схемасы 5 жылға, ал 6 танаптық ауылспалы егістікке 6 жылға жасалады. Аудандағы ауылспалы егістіктер негізінен 8 танапты болғандықтан жоғарыда көрсеткеніміздей, 7 жылға жасалған. Мәселен, Мәдениет ауылындағы №6 инженерлік тұрғыда әзірленген суармалы жер 5 танапты болғандықтан ротациялау схемасының мерзімі биыл аяқталады

екен. Осыған сәйкес 2023-2027 жылдарға арналған қаулының жобасы дайындалып, қарауға ұсынылған және қолдау тапты.

Кеңес отырысында кент әкімі Мардан Жамалатов қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан айтылған ұсыныстар мен сауалдар бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады. Атап айтсақ, кенттегі көпқабатты тұрғын үйлердің аумағында тазалық жұмыстары реттеліп, барлық көпқабатты тұрғын үйлердің алдына қоқыс жәшіктері қойылған. Алайда Мардан Сырмағанбетұлы тұрғындар тарапынан есік алдына үйден шыққан қоқыстарды белгіленбеген орындарға тастау әрекеттері тыйыммай келетінін қынжыла жеткізді. Сонымен бірге биыл кенттегі 5 көпқабатты тұрғын үйге жөндеу жұмыстары жүргізілген келер жылы, яғни 2023 жылы Т.Үркімбаев көшесінде орналасқан екі көпқабатты тұрғын үйді жөндеуден өткізу жоспары жасалып жатыр екен. Тұрғындар және кеңес мүшелері тарапынан көп айтылатын мәселе көше күтімдеріне қатысты.

Мәселен, Ыбырай Алтынсарин түйығына 2019 жылы тас төсеу жұмыстары жүргізілген. Бірақ ауыр жүк көліктерінің көп жүруі салдарынан орташа жөндеуден өткен Ы.Алтынсарин түйығы бүлінген. Кент әкімі бұл мәселені шұғыл назарға

алып, ауыр жүк көліктерінің жүруіне тыйым салынғанын және полиция қызметкерлерінің ұдайы бақылауында болатынын жеткізді. Осы орайда айта кеткеніміз, “Агротехсервис” мекемесінен тынайықшыл таситын көліктер қоршаған ортаға зиянын тигізетіні де кеңес отырысында көтерілген болатын. Бұл мәселе бойынша да тиісті жұмыстар жүргізіліп, экологиялық қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау ескертіліпті.

Сондай-ақ сенбілік іс-шараларға сәйкес аталған көшелерге тазарту жұмыстары жүргізіліп, кент әкімі аппараты тарапынан бақылауға алынған Жұмбай елді мекенін абаттандыру жұмыстары бойынша Ұлы Жедістің 50 жылдығы және Фани Муратбаев көшелері бойынша демеушілік есебінен балалар ойын алаңы салынған. Кент көшелерінің тазалығын қамтамасыз ету мақсатында 33 қоқыс жәшігін алуға аудандық бюджеттен қаражат бөлінген және қазірде көше бойына қойылып жатыр екен.

Газ тарту жұмыстарына қатысты олқылықтар, арықтарды қазып, тазалап, көшелерге аяқ су келуі, егінге ағаштарды күтімге алу, көркейту-көгалдандыру, қоғамдық тәртіпті қадағалау мақсатында бейнебақылау камераларын орнату және қаңғыбас ит пен мысықтарды аулау жұмыстарының жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Кеңес мүшелері тарапынан хабарламашыларға сауалдар қойылып, күн тәртібіндегі кейбір мәселелерге қатысты қосымша ұсыныстар айтылды.

Қуат АХЕТОВ

